

А. Бахатхан
М.А. Кененбаева

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
(E-mail: aksaule_998@mail.ru, m-kenenbaeva@mail.ru)

Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында білім сапасын көтеру үшін топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесі

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында білім сапасын көтеру үшін топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесінің мәселесі қарастырылды. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы топтық жұмыстың рөлі туралы айтылады. Топтық жұмыс арқылы әр оқушының өзін тану мүмкіндігін анықтауға жол ашылып, сабаққа деген ынтасының артуы практикада байқалғандығы нәтижесі сипатталған. Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында топтық жұмыстарды ұйымдастырудың артықшылықтары қарастырылған. Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру принциптері келтірілген. Топтық жұмыстың бастауыш сынып оқушыларына қандай пайдасы бар екені туралы мәлімет берілген. Оқушылар арасында топтық жұмыс жүргізу арқылы тұйық оқушылар мен оқуы төмен оқушылардан байқауға болатын өзгерістер, топта жұмыс істеудің оң әсерлері бар екені туралы жазылды. Жалпы топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы білім сапасын көтеруге болатындығы зерттеліп, зерттеуден үзінді келтірілген.

Түйін сөздер: топтық жұмыс, математика пәні, бастауыш сынып, білім сапасы, оқыту, ұйымдастыру, әдістеме, оқушы мүмкіндігі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-64-71>

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жалпы білім беретін мектептерде ҚР-ның зияткерлік, дене бітімі мен рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық игіліктері үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту» мақсаты қолға алынған. Осы сұранысты қамтамасыз ететін Кембридж бағдарламасы деп танылып отыр. Бағдарлама негізі топтық жұмыс [1].

Сыныпта топтық жұмысты ұйымдастырған кезде оқушы белсенділігі арттырылады. Әр оқушы топ мүшесі бола тұра өзінің топтағы орнын анықтай алады. Оқушы ынтымақтастығы нығаяды. Топтық жұмыс әр оқушының нақты іс әрекетін тудырады, бірлесе жұмыс жасауға үйренеді. Бірлескен топтық оқытудың негізгі түйіні әрбір топ мүшесінің өз ойын толық жеткізіп, басқамен де келісімге, бітімге қол жеткізуге болатыны.

Бастауыш мектепте математика пәнін жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі есептерді шығара білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі

және ғылыми жетілдірілген әдіс – амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену – зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну қазіргі заман талабы болып отырғаны мәлім.

Мәселе қою

Әлеуметтік өзгеріске енген, ақпараттар бойынша қарқынды дамыған еліміздің болашағы практикада қазіргі заман педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне байланысты үлкен талаптарға сай келуін қажет етеді. Жаңартылған бағдарлама реформасындағы негізгі күн мәселесі белсенді оқыту арқылы, оқушыны ізденіске талпындыру. Оқушы ізденіс жағдайын өзі жеке ғана емес топпен талқылай отырып, шешім шығаруға бағыттау бүгінгі күн мәселесі болып отыр. Дәстүрлі білім беруге үйренген мұғалімдердің кәсіби дайындығы практикада қарама-қайшылықтарға келіп, іс-әрекеттерінде өзгерісті қажет етеді. Олардың ең бастысы:

- сабақта топпен жұмыс істеу барысында топ ішіндегі туындаған эмоционалды әрекет кезінде оқушылар арасында жағымды байланыс пайда болатындай ұйымшылдыққа тәрбиелеу;

- сыныптағы оқушылар арасында басқа топ мүшесімен диалог құру, сұрақтар қою, өзгені тыңдау, өзінің көзқарасын қорғау, бір-біріне көмектесу, басқа топтан қалмау бәсекелестігі орнап, қорытынды шығару дағдылары пайда болатын жағдай жасау.

Зерттеудің мақсаты

Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында білім сапасын көтеру үшін топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесін талдап, ұсыну.

Зерттеудің міндеттері

- сыныптағы топтық жұмыстың пайдалы жақтарын ашып көрсету;
- кіші мектеп жасынан бастап 1 – сыныптан бастап топтық жұмысқа дағдыландыру;

- оқушының сабаққа деген белсенділігін арттыру үшін, оқу үдерісінде топтық жұмысты пайдалану.

Тарих

Бастауыш сынып жасы – бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Аса бір маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым – қатынасы [2, 48 б].

Қазіргі заманда топтық жұмысты дұрыс ұйымдастыру проблемасын шешумен елімізде, шетелдерде көптеген ғалымдарымыз айналысуда. (В.К. Дьяченко, Х.И. Лийметс, А.В. Петровский, Г.Г. Кравцов, Г.А. Цукерман, Т.А. Матис, Д.И. Фельдштейн, Й. Ломпшер, А.К. Маркова, Л.М. Фридман, Е.В. Коротаева, В.Н. Соколов, Т.Н.Ищенко; Ә.Б.Ақпаева, Б.А.Тұрғынбаева, Назарбаев Зияткерлік институты оқытушылары және т.б.

Білім беруді меңгерту мақсатында құрылған «топ» дегеніміз не? Топ – ортақ мақсатқа жету үшін құрылған адамдар тобы. «Топтық жұмыс» термині-өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған іс – әрекеттің құрылымы.

Білім негізі бастауышта болғандықтан, оқушыларды кіші жасынан бастап топпен жұмыс істей білуге үйрету қажет. Топтық жұмыстың мақсаты - оқыту мен оқу тәсілдері арқылы мәселелерді шешу, тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі.

Бастауыш мектептен бастап оқушыны топпен жұмыс істеуге дағдыландырсақ, онда топта жұмыс жасауда оқушылардың бойында мынандай қасиеттерді қалыптастыра аламыз. Олар: мұқият тыңдай білу; күшті жетекшілік қасиеттер; тиімді байланыс орна-

ту; міндетті тең бөлісу; бірігіп жұмыс жасауға ұмтылу; алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолы.

Топтық жұмысты ұйымдастыруда біз алдымызға жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды топ болып шешуді көздейміз.

Оқушылармен топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары:

- Берілетін білім мазмұны көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады;
- Ұжыммен оқытуға қарағанда, топпен жұмыс жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады;
- Сыныптағы оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады;
- Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады;
- Өзіне сын көзбен қараушылық артады, сыныптастарымен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай біледі және жақсы бақылай алады. Өмірге қажетті дағдыларға үйренеді;
- Оқушылардың ой ұшқырлығы пайда болады, бір-біріне деген сенімі артады;
- Оқушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінеді;
- Басқа топтардың жұмыстарын тыңдап олардың мүмкіншіліктерін салыстырады;
- Бақылаудың нәтижесінде өте тұйық және көшбасшы оқушылар анықталады [3, 5 б].

Мұғалімдер кіші мектеп жасынан бастап оқушылардың математикалық -танымдық дағдыларын дамытуға ықпал ету үшін, өз іс – әрекеттерін жоспарлауда, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйрету дағдыларын дамыту үшін жағдай жасауға үйренеді. Көбінесе, мұғалімдерде жаратылыстану пәндерінде бастауыш сынып оқушыларында белсенді тыңдау, оқу дағдыларын дамытуға тапсырма таңдауда қиындықтар кездеседі. Сол үшін де, оқыту мен оқуда жаңа тәсілдерді қолданады: сабақта топтық жұмыс істеу түрлерін тиімді қолдану жемісін бере бастайды.

Талқылау

Жалпы қай пән болса да, оның ішінде математика сабағындағы топтық жұмыс үшін тапсырмалар алдын ала таңдалады, оқушыларды белгілі бір тапсырманы орындауға көбірек бағыттады. Ұштастыра келе, топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б.Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдаланамыз. Олар жеңілден ауырға, қарапайымнан терең ойлауға жетелейді. Осындай сұрақтар қойылған кезде, көшбасшылыққа бейім, озат оқушылар топтың басқа мүшелерімен ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатып, шығармашылықпен жұмыс жасайды. Топта оқушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктерді жиі пайдаланады. Қазіргі біздің аймақ оқушыларының көбіне орыс тілге бейімділігін ескере отырып, сабақта топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы баланың пән бойынша тілін және сөздік қорын дамыту және оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыра отырып, сапалы білім беру жағдайларын зерттедік. Жас ұрпаққа білім беруші кез-келген мұғалімді мазалайтын бір сұрақ ол – ой үлгерімі төмен оқушының сабақ үлгерімін көтеру. Мұндай оқушының білімін көтеру үшін көп уақытқа дейін ол оқушымен тек жеке жұмыс атқарған болатынбыз. Бұл жеке дара жұмыс мұндай оқушыға қиындық тудыратынын практикада байқадық. Бұл қиындықты жеңу үшін ол оқушымен топпен жұмыс жасау арқылы, тапсырмаларды бірлесіп атқару кезінде ол оқушыға да өзінің жауапкершілігін сездіре отырып топқа тартуды жөн көрдік. Топпен жұмыс істей бастағанда ол оқушы бойында реттелу болды. Осы орайда топтық жұмыс жасаудың, оқытудың пайдасы туралы Ибн Сина Әбу Әли Хусейн Ибн Абдолла (980-1037) [4] айтқаны есіңе түседі: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы - балалар оқу тәрбие үдерісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін оқытуды ұйымдастыру» деген еді.

Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында топтық жұмысты ұйымдастыруда берілетін тапсырмалардың дұрыс таңдалуы ерекше орын алады. Мысалы: үш тоқа бөлген кезде, олар кез-келген тәсілмен бөлінеді. Қай топта қандай оқушылар отыратынын алдын-ала болжау қиын. Тапсырманы таңдауда жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар беріледі. Оқушылар топқа бөлініп отырған сәтте топтың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін тез арада анықтай қоюға тырысамыз. Карточкадағы деңгейлік тапсырмалар топ ерекшеліктеріне қарай беріледі. Карточкадағы 1- тапсырма жеңіл болғанымен әр топқа бірсарынды тапсырма берілмейді. 3- тапсырма күрделірек болғанымен тағы да топ ерекшелігін ескере отырып, күделірек тапсырмалардың өзін сараптай отырып беруге тырыстық. Бұл зерттеу бір күнде бола қоймайтындықтан, нәтижеге бағытталған білім беруді көздей отырып, топпен жұмысты сәтті ұйымдастыру жолдарын іздестіріп, сәтті өткізуді дағдыға айналдырып отырдық. Әрине ұйымдастырған жұмыстарымыз кейде өз ойлағанымыздай болмай жатады. Оның себептерін ескере отырып, келесі жолы проблема шешімін табатындай басқа әдіс-тәсілдер қолданамыз.

Дегенмен нәтижесінде зерттеуіміз бойынша аз да болса оқушылардың белсенділігі сабақта төмен көрсетіп жүрген оқушының бойындағы ашылмаған жаңа қырлары көріне бастағанын байқадық. Серпіліс басталған мұндай оқушыға сыныптастары басқа көзбен қарай бастайды. Топ өзінің ережесін шығара отырып оны орындауға тырысады. Олардың бойларында қалыптастырушы бағалау кезінде басқа топтардан қалмау керектігі туралы, білімін көрсету, мақсатқа жету туралы бәсекелестік пайда болғанын байқадық. Сынып оқушылары арасында топтық, ынтымақтастық атмосфера туа бастады. Топ ішінде шешілмейтін мәселе болмайтынын оқушылар түсіне бастады. Әр оқушыда танымдық түрткі пайда болып, оқуға деген қызығушылық туады. Оқушы үнемі бір топта қана жұмыс істемей, әр сабақта топ құрамы өзгеріп отыру оқушылар арасында ынты-

мақтастыққа жол ашатындығын практика дәлелдеді. Яғни, сабақ үстінде құрылатын топ барлық сабақ бойында тек сол оқушылардан ғана тұрмауы керек, әр сабақ сайын басқа оқушылармен ауысып отырғаны тиімді.

Топпен жұмыс істеу барысында топ ішіндегі туындаған эмоционалды әрекет кезінде оқушылар арасында жағымды байланыс пайда болады. Олар өзге оқушыларды да түсінуге тырысады. Оқушылар арасында басқа топ мүшесімен диалог құру, сұрақтар қою, өзгені тыңдау, өзінің көзқарасын қорғау, бір-біріне көмектесу, басқа топтан қалмау бәсекелестігі орнап, қорытынды шығару дағдылары пайда болатындығын көрдік.

Педагог ғалымдардың зерттеулері бойынша топпен жұмыс жүргізудің екі түрі практикада зерттелді. Олар 1. Бірыңғай топтық жұмыс. 2. Сараланған топтық жұмыс.

Зерттеу барысында Эстондық ғалым Х.И. Лийметс ұсынған топтық жұмыстың төмендегідей принциптерін басшылыққа алдық:

- Сынып оқушылары 3 немесе 6 адамнан топқа біріктірілуі керек.
- Әр топ бірыңғай тапсырмаларды немесе сараланған тапсырмаларды алып жұмыс жасайды.
- Топ ішінде «көшбасшы», «спикер» «сараптамашылар», «уақыт есептеушілер» жұмыстарын бөліп алады.
- Тапсырмаларды орындау арқылы топ мүшелері бір бірімен пікір алмасады, бірін бірі бағалайды [5, 7 б.].

Оқу бітіріп барған соң маған 1 сыныпты берді. Ғылыми зерттеу барысында мен 1- сыныпта мұғалім болып жұмыс істей бастағанда, топтық жұмысты дұрыс таңдағанымды түсіндім. Себебі, барлық оқушылар қызығушылықпен белсенділік танытты. Кейбір оқушылар алғашында өздеріне сенімсіздікпен қарады. Алайда, келесі сабақта олар достарының іс-әрекеттерін бақылап, еліктеушілік пайда болып, қызығушылық білдірді.

1 сынып оқушыларымен алғашқы кезеңде топтық жұмыс бірден өз жемісін бермейді. Оның себептері көп. Математика сабағында топтық жұмыс тапсырмалары 1- сынып оқушылары үшін күрделі емес және олар-

ды оқушылардың жасына сәйкес беруге тырыстық. Мысалы, 1- сыныпта математика сабағында «Кеңістік фигуралары», «Жазық фигуралар және олардың модельдері» тақырыбын өткен кезде әр топқа жұмсақ және қатты қағаздарды пайдалану арқылы жазық фигуралар моделінен жан-жануарларды құрастыру және ермексаз бен шиді пайдалану арқылы кеңістік фигура жасау тапсырмасы берілді. Мысалы: пирамида, конус, тік бұрышты параллелепипед, текше, шар, дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш фигураларының үлгілерін жасауды ұсындым. Сондай ақ «Нүктелі қағаздағы фигуралар моделі» [6, 58 б.] тақырыбын бекіту барысында әр топқа ұсынылған нүктелі қағаз көмегімен жазық фигураның моделін жасауға тапсырмалар берілді. Олардан композиция құра тапсырмасын орындау барысында әр топтағы оқушылардың бірлігі, белсенділігі, бәсекелестігі ерекше байқалды. Бұл тапсырманы барлық топ оқушылары бірлесе отырып, дұрыс орындап шықты. Мектепке алғаш келген оқушылардың бәсеңдестігі, ұяңдығы, ойын баласының сабаққа деген ынтасының төмен-

дігі байқалғанымен, осындай топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы артқандығы сезілді.

Қорытынды

Қорыта келе, оқушыларды кіші мектеп жасынан бастап, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынатындығын практика дәлелдеді. Топтағы бір-біріне көмегі, қолдауы, бірлескен жұмыстары өз нәтижесін беретіндігін байқадық. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жаталады. Топтық жұмыс оқушы белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізетіндігін практика дәлелдеді. Сонымен қатар оқушылардың математика пәнінен білім сапасының артуына септігін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында білім сапасын көтеру үшін топтық жұмысты дұрыс ұйымдастырудың орны ерекше екендігіне көз жеткіздік. Яғни оқушылардың қызығушылығы артып, білім сапасы жоғарлағанын байқадық.

Әдебиеттер тізімі

1. 2020 – 2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралған күні: 5.02.21).
2. Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А. Мұғалімге арналған нұсқаулық: екінші (негізгі) деңгей / - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, үшінші басылым, 2014. – 292 б.
3. Жартынова Ж. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару». - Алматы, 2014.
4. Ибн Сина. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%B1%D0%BD_%D0%A1%D0%B8%D0%BD%D0%B0 (қаралған күні: 5.02.21).
5. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
6. Жақыпова Г.Ш., Орехова Н.В. және т.б. Математика: жалпы білім беретін мектептің 1-ші сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ, 2 бөлім, 2016.

Referenes

1. 2020 – 2025 zhyldarga arналған bilim berudi zhane fylymды damytudyn memlekettik bagdarlamasy [The State Program for the development of Education and Science for 2020 – 2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Accessed: 5.02.21).

2. Bakirov K. A., Namysova G. A., Ausheva I. U., Sharimova A. G., Gabdollakky B., Baikenova B. A. Mugalimge arnalgan nuskaulyk: ekinshi (negizgi) dengei [Teacher's guide: Second level] (Nazarbayev Intellectual Schools. Publishing house of the Center of Pedagogical Excellence, DBBU, Publishing house of the Center of Pedagogical Excellence, third edition, Astana, 2014, 292 p.).
3. Zhartynova Zh. Interaktivti okytu adisin koldanyp sabakty zhosparlau zhane basharu [Lesson planning and management using interactive teaching methods] (Almaty, 2014).
4. Ibn Sina [Ibn Sina] – Available at: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%B1%D0%BD_%D0%A1%D0%B8%D0%BD%D0%B0 (Accessed: 5.02.21).
5. Pedagogikalyk dialog akparattyk-adistemelik zhurnal [Pedagogical dialogue information methodical magazine]. Nazarbayev Intellectual Schools, DBBU, Center of Pedagogical Excellence, Astana, 2015.
6. Zhakypova G.Ch., Orekhova N. B. et al. Matematika: Zhalpy bilim beretin mekteptin 1 – synbyna arnalgan okylyk [Mathematics: textbook for the 1st grade of secondary school]. 2nd edition. Nazarbayev Intellectual Schools, DBBU, Astana, 2016).

А. Бахатхан, М.А. Кененбаева

Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан

Методика организации групповой работы для повышения качества образования на уроках математики для учащихся начальных классов

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о методике организации групповой работы по повышению качества обучения математике младших школьников. Обсуждается роль групповой работы в повышении качества знаний учеников. Посредством групповой работы можно определить способность каждого ученика к самопознанию, а результаты повышения мотивации к учебе описываются на практике. Рассмотрены преимущества организации групповой работы при обучении математике в начальной школе. Приведены принципы эффективной организации групповой работы. Предоставляется информация о преимуществах групповой работы для учащихся начальной школы, об изменениях, которые можно наблюдать у замкнутых учеников и учеников с низкой успеваемостью через групповую работу, описан положительный эффект работы в группах. Изучена возможность повышения качества обучения за счет организации групповой работы и приведены отрывки из исследования.

Ключевые слова: групповая работа, математика, начальная школа, качество образования, обучение, организация, методология, возможности учащихся.

A. Bakhatkhan, M.A. Kenenbaeva

Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

Methods of organizing group work to improve the quality of education in mathematics lessons for primary school students

Abstract. The article discusses the question of the methodology for organizing group work to improve the quality of teaching mathematics for younger students. The article discusses the role of group work in improving the quality of students' knowledge. Through group work, there can be determined the ability of each student to self-knowledge. The article describes the results of increased motivation for learning in practice. The article considers the advantages of the organization of group work in teaching mathematics in primary school. The article presents principles of effective organization of group work. The article provides information on the benefits of group work for elementary school students and changes that can be observed in withdrawn and low-performing students through group work among students, positive effects of group work. The article explores the possibility of improving the quality of education through the organization of group work. There are provided excerpts from the study.

Keywords: group work, mathematics, primary school, quality of education, teaching, organization, methodology, student opportunities.

Авторлар туралы мәлімет:

Бахатхан А. – корреспонденция үшін автор, 1-ші курс магистранты, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласының № 38 негізгі жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазына көш., 18, Павлодар, Қазақстан.

Кененбаева М.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, педагогика жоғары мектебі профессоры, Павлодар педагогикалық университеті, Достоевский көш., 38/1, Павлодар, Қазақстан.

Bakhatkhan A. – Corresponding author, The 1st year Master's degree student, Pavlodar Pedagogical University, Primary school teacher 38 of the basic secondary school of Pavlodar, Moiylody, 18 Kazyna str., Pavlodar, Kazakhstan.

Kenenbaeva M.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Higher Pedagogical School, Pavlodar Pedagogical University, 38/1 Dostoevski str., Pavlodar, Kazakhstan.